



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ  
БАНКТЕР  
АРАСЫНДА  
ЖҮРГІЗІЛГЕН  
САУАЛНАМА**

**2025 ЖЫЛҒЫ  
1-тоқсан**

# Кредиттеу туралы банктер арасында жүргізілген сауалнама

2025 жылғы 1-тоқсан

## Корпоративтік секторды кредиттеу

Банктердің бағалауы бойынша, кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке деген сұранысының жиынтығы бұрынғы деңгейде қалды (1-сурет). Атап айтқанда, ірі және орта бизнес сұранысының біршама өсуі шағын бизнестің төмендеуін жапты.

1-тоқсанда бірқатар банк кредитке деген сұраныс бірқалыпты өскенін атап өтті, бұған, негізінен ірі бизнестің айналым қаражатын қаржыландыруы қажет болғаны мен мемлекеттің қолдау бағдарламаларына қатысуы әсер еткен. Өз кезегінде, осы тоқсанның екінші жартысында кредит ресурстарының қымбаттауы, сондай-ақ геосаяси және макроэкономикалық өзгерістер кәсіпорындардың инвестициялық жобаларға қатысты жоспарларын қайта қарауына немесе оларды өз қаражаты есебінен жүзеге асыруына әсер етті. Мәселен, ірі банктердің бірінің пікірінше, кәсіпорындар кредит беру талаптары әрі қарай қатаяды деп болжағандықтан, неғұрлым сақ тәсілдерге көшкен (2-сурет). Сонымен қатар, кей банктер ірі кәсіпкерлік субъектілерінің инвестициялық жобаларын қосымша кредитпен қаржыландыруға сұраныс тудыратын бірқатар ұлттық жобалар бекітілгені оң әсер еткенін айтты. Осылайша, ірі бизнес тарапынан түскен кредит өтінімдерінің жалпы саны тоқсан ішінде 10%-ға (т/т) өсіп, 235-ке, ал өтінімдердің орташа көлемі 30%-ға (т/т) өсіп, 11,5 млрд теңгеге жетті.

Банктер орта бизнестің сұранысы аздап өскенін айтады (1-сурет). Мысалы, банктердің бірі кепілдік талаптарын жеңілдету арқылы кредит беру шарттарын жұмсартқанын жеткізді (3-сурет). Сондай-ақ, бірқатар банк «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингімен бірлесіп портфельдік кепілдендіру бағдарламасы аясында белсенді жұмыс жүргізіп жатқанын айтты. Кей банктер орта бизнес сегментіндегі кредит портфелін ұлғайту стратегиясын қайта қарап, осы бағыттағы жұмысты жандандырып, сату арналарын дамытып жатыр. Алайда, көптеген банктің пікірінше, мемлекеттік бағдарламалардың кейбір бағыттары бойынша қаржыландырудың уақытша тоқтауы орта бизнес субъектілері сұранысының өсімін тежеді. Кредит ресурстарын тартудағы негізгі мақсат – айналым қаражатын толықтыру болып қалып отыр, ал ірі жобаларды қаржыландыру кейінге қалды. Осылайша, орта бизнес тарапынан келіп түскен өтінімдер саны 1%-ға (т/т) азайып, 4,6 мыңға, ал олардың орташа мөлшері 8%-ға (т/т) төмендеп, 768 млн теңгеге түсті.

Банктер атап өткендей, шағын бизнестің кредитке сұранысы төмендеуінің басты себебі – субсидиялау және кепілдендіру механизмдеріндегі өзгерістерге байланысты мемлекеттің қолдау бағдарламалары аясында қаржыландырудың уақытша тоқтауы (1-

сурет). Мұндай жағдайда банктер ішкі операциялық процестерді оңтайландыру мен цифрлық шешімдерді дамытуға баса назар аударып отыр, ал өнімдерге айтарлықтай өзгеріс енгізуді жоспарламайды. Сонымен қатар, банктер қарыз алушыларды бағалауда, оның ішінде субсидияларсыз және сыйақының нарықтағы мөлшерлемесіне көшуге байланысты қарызды өтеу қабілетін бағалауда сақтық танытып отыр. Жекелеген ірі және орта банктер жаңа өнімдерді іске қосу, белсенді маркетинг акцияларын өткізу және өңірлерде ауқымын кеңейту арқылы сұранысты сақтап отыр. Нәтижесінде, шағын бизнес тарапынан түскен өтінімдер саны 5%-ға (т/т) төмендеп, 884 мыңға, ал орташа өтім мөлшері 26%-ға (т/т) азайып, 35,4 млн теңгеге түсті.

2025 жылғы 2-тоқсанда банктер бизнес субъектілерінің кредитке деген сұранысы өткен тоқсан деңгейінде қалады деп болжап отыр (1-сурет). Банктердің мұндай болжамы кредит ресурстарының қазіргі құны мен мемлекеттің қолдау бағдарламалары шарттарына енгізіліп жатқан өзгерістер аясында банктер мен нарық қатысушыларының күту позицияларына байланысты болып отыр.

Ірі бизнес субъектілері бойынша мақұлдау коэффициенті 3 п.т-ға төмендеп, 57%-ға түсті, бұл 1-тоқсан аяғында өтімдердің көбейгені және олардың қаралу сатысында тұрғанына байланысты болып отыр. Орта бизнес сегментінде мақұлдау үлесі 5 п.т-ға төмендеп, 36%-ға түсті, себебі мемлекет қолдауы қысқарғасын тәуекелдерді бағалауға неғұрлым сақ қарай бастады. Шағын бизнес өтімдерінің мақұлдану деңгейі бұрынғы деңгейде – 33% болып қалды.

Банктер 1-тоқсанда кредиттеу шарттарына айтарлықтай өзгеріс енгізген жоқ, тек Ұлттық Банк базалық ставканы көтергеніне байланысты сыйақы мөлшерлемесінің сәл өскені байқалды (4-сурет). Банктердің айтуынша, клиент депозиттері арасында бәсекенің күшеюі де қаржыландыру құнының өсуіне ықпал етті. 2025 жылғы 2-тоқсанда банктер кредиттеу шарттарына айтарлықтай өзгеріс енгізуді жоспарлап отырған жоқ.

## Жеке тұлғаларды кредиттеу

2025 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша бөлшек кредит өнімдеріне сұраныс әртүрлі бағытта дамыды. Автокредит пен қамтамасыз етілген тұтыну қарыздары сегментінде сұраныс өскені байқалды, ал ипотека кредиттері мен кепілсіз тұтыну кредиттеріне деген сұраныс төмендеді.

1-тоқсанда ипотекалық қарыздар сегментіндегі сұраныс алдыңғы тоқсанға қарағанда сәл ғана төмендеді (5-сурет). Сұраныстың азаюы ірі банктің бірінің клиенттерінің тұрғын үй-жинақ салымдарына мемлекеттік сыйақы төленуін күтуімен байланысты болды. Банктер жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаның өсуі де сұраныстың төмендеуіне әсер еткенін атап өтті. Ал бұл құрылыс компанияларының салық салу шарттары өзгереді деп күтуіне байланысты болды. Сонымен қатар, кейбір жекелеген орта банктер ипотека өнімдеріне сұраныс өскенін хабарлады. Мысалы, банктердің бірі қарыз алушының төлем қабілетін бағалау кезінде есепке алынатын табыс көздері тізімін кеңейту арқылы кредиттеу шарттарын жеңілдетті, ал тағы бір банк мұны құрылысшылардың салық кодексіне өзгеріс енгенге дейін тұрғын үйді тезірек сатуға тырысқанымен түсіндірді. Осылайша, ипотека қарыздары бойынша өтінімдер саны 6%-ға (т/т) өсіп, 241 мыңға жетті, ал олардың орташа мөлшері 7%-ға төмендеп, 16,6 млн теңгеге түсті.

Қамтамасыз етілген тұтыну қарыздарына деген сұраныс артты (5-сурет). Бұл, негізінен, банктердің бірі сыйақы мөлшерлемесін төмендеткені мен кредит берген кезде қосылатын комиссияны алып тастағанына, сондай-ақ тағы бір ірі банктің бұл өнімді белсенді насихаттағанына байланысты болды (9-сурет). Өтінімдер саны 25%-ға (т/т) өсіп, 50,9 мыңға жетті, ал орташа мөлшері 9%-ға (т/т) өсіп, 12,8 млн теңге болды.

Кепілсіз тұтыну қарыздары сегментінде сұраныс тұрақты түрде төмендегені байқалады. Ірі банктер сұраныс өткен тоқсан деңгейінде сақталғанын айтады. Алайда кейбір орта банктердің пікірінше, сұраныстың төмендеуіне банктердің бірінің маркетинг акцияларын тоқтатқаны және тағы бір банктің тауар кредиттеуден шығуы әсер еткен. Осылайша, бұл сегменттегі өтінімдер саны 10%-ға (т/т) төмендеп, 18,1 млн-ға түсті, ал орташа өтінім мөлшері 13%-ға (т/т) өсіп, 1 025 мың теңгеге жетті.

Автокредитке сұраныс ары қарай өсіп жатыр (5-сурет). Негізгі қозғаушы күш – банктердің бірінің серіктестік өнімді іске қосуы. Бұл көбінесе серіктес автосалондардың маркетингтік қолдауы мен бірқатар акциялық өнімдер ұсынуына байланысты болды. Сонымен қатар, банктердің бірі қайталама автокөлік нарығында автокредит бағдарламасын іске қосты. Нәтижесінде, автокредитке түскен өтінім саны 13%-ға (т/т) өсіп, 1,4 млн-ға жетті, ал орташа мөлшері 11%-ға (т/т) өсіп, 7,9 млн теңге болды.

Банктер 2025 жылғы 2-тоқсанда ипотека кредиті мен автокредитке сұраныс аздап өседі деп болжап отыр (5-сурет). Ал тұтыну кредитіне (қамтамасыз етілген де, кепілсіз де) деген сұраныс біршама төмендейді деген болжам бар.

Ипотека өнімдері мен автокредит бойынша мақұлдау коэффициенттері тиісінше 7 (т/т) және 2 (т/т) т.т-ға төмендеп, 24%-ға және 16%-ға түсті. Кепілсіз қарыздар бойынша мақұлданған өтінімдер үлесі өсіп, 31%-ға жетті, ал қамтамасыз етілген қарыздарды мақұлдау үлесі 2024 жылғы 4-тоқсан деңгейінде қалып, 36% болды. Ипотека қарыздарын мақұлдау коэффициентінің төмендеуі банктің төлем қабілетін бағалау әдістемесінен бейресми табыс көзінің кейбір түрін алып тастағанына байланысты болды.

1-тоқсанда ипотеканы кредиттеу шарттарында елеулі өзгеріс болған жоқ, тек банктердің бірі төлем қабілетін бағалау кезінде табысты есептеуге сәл жеңілдік енгізді. Қамтамасыз етілген тұтыну кредиті бойынша екінші бір банк сыйақы мөлшерлемесін аздап төмендетіп, кредит рәсімдеу кезіндегі комиссияны алып тастады. Автокредит шарттары 4-тоқсан деңгейінде қалды. Банктердің бірі кепілсіз тұтыну кредитіне байланысты ішкі процестерге қатысты шарттарды сәл қатаңдатты.

Алдағы тоқсанда банктер тұтыну кредиті (қамтамасыз етілген де, кепілсіз де) шарттарына айтарлықтай өзгерістер енгізуді жоспарлап отырған жоқ. Сонымен қатар, бір банк ипотека кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін өсіруді жоспарлап отыр, ал тағы бір банк автокредит бойынша ставкалардың шарттарын жұмсартуды көздеп отыр.

## Зерттеу туралы жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттеу туралы сауалнаманы банктер арасында тоқсан сайын жүргізіп отырады. Бұл сауалнама кредит ресурстарына деген сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерді бағалау мақсатында ұйымдастырылады. Сауалнама банктің жалпы кредит саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына арналған. Зерттеу кезінде барлық банк сауалнама толтырады және кей банктердің өкілдерімен сұхбат жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап беру үшін мына жауаптардың бірі қолданылады:

-1 = айтарлықтай төмендеді / қатаңдады

-0,5 = сәл төмендеді / сәл қатаңдады

0 = бұрынғы деңгейде қалды

0,5 = сәл артты / сәл жеңілдеді

1 = айтарлықтай артты / айтарлықтай жеңілдеді

2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері қарапайым орташа тәсілмен есептеліп, таза процент өзгерісі (ТПӨ) ретінде ұсынылатын. Бұл – параметрдің артқанын (жеңілдегенін) көрсеткен респонденттердің үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) көрсеткен респонденттердің үлесі арасындағы айырма.


2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап нәтижелер әр банктің кредит нарығы сегментіндегі үлесін ескере отырып, ТПӨ түрінде есептеледі. Бұл көрсеткіштің мәні -100%-дан (барлық банктер «айтарлықтай төмендеді/қатаңдады» деп жауап берсе) +100%-ға дейін (барлығы «айтарлықтай артты/жеңілдеді» деп жауап берсе) өзгере алады.

Бұл көрсеткіш оң болса – өсімді (жеңілдеуді), ал теріс болса, төмендеуді (қатаңдауды) білдіреді. Сонымен қатар, таза процент өзгерісі – көрсеткіші параметрдің нақты көлемін емес, тек өзгеріс болған-болмағанын көрсетеді.

Сондай-ақ 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап, сауалнамада қойылатын және мақұлданған кредиттік өтінімдер туралы сұрақтар (№21, 22, 23 сұрақтар) енгізілді. Жалпы өтінімдер санына мақұлданған, бас тартылған және зерттеу жүргізу кезінде қаралып жатқан өтінімдер кіреді.

1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына деген сұранысы


Таза процент өзгерісі



(а) №1 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда кәсіпкерлердің кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?  
 (б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні кәсіпкерлердің кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу шарттары


Таза процент өзгерісі



(а) №5 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?  
 (б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

3-сурет. Кредиттеудің кейбір шарттары


Таза процент өзгерісі



- (а) №7 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде берілген кәсіпкерлік субъектілеріне арналған кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?  
 (б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

4-сурет. Кредит сыйақысы мөлшерлемелері


Таза процент өзгерісі



- (а) №8 сұрақ: Кейінгі 3 айда кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелері қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?
- (б) Таза кредит өзгерісінің оң мәні корпоративтік секторға берілетін кредит сыйақысының мөлшерлемесі төмендегенін білдіреді.

5-сурет. Жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы

Таза процент өзгерісі




(а) №9 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

6-сурет. Жеке тұлғаларға кредит беру шарттары

Таза процент өзгерісі




(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредит шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу шарттары

Таза процент өзгерісі




(а) №16 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген ипотекалық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні ипотекалық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

8-сурет. Тұтыну кредитін беру шарттары

Таза процент өзгерісі



- (а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
- (б) №17 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген тұтынушылық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 ай ішінде бұл шарттар қалай өзгереді?
- (в) Таза процент өзгерісінің оң мәні тұтынушылық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

## 9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері

Таза процент өзгерісі



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларға арналған кредиттің сыйақы мөлшерлемесі қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?

(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні жеке тұлғаларға берілетін кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төмендегенін білдіреді.